

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.234-236

## **МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРДА ИСЛАМДЫҚ НЕСИЕЛЕНДІРУ МЕХАНИЗІМІН ЖЕТІЛДІРУ**

*Ныгманбеков А.*


Бүгінде әлем елдерін ипотекалық несиеден бастау алған қаржы дағдарысы созылмалы экономикалық тығырыққа тірегені жапатармағай жазылып, дуалы ауыздар тарапынан талданып жатыр. Несиеге өмір сүруге дағдыланған дамыған елдер тұрғындары банктер мен өзге де қаржы мекемелерінің өркендеуіне жол ашты. Өсімқорлық капиталы арқасында олар «ақшадан-ақша» жасады. Нақты айтсақ, бұл банктер – өсімқорлыққа құрылған бүгінгі Еуропа банктері. The Financial Times газетіне берген сұхбатында Германия канцлері Ангела Меркел соңғы айларда әлемнің орталық банктері қаржы дағдарысына төтеп беру үшін базалық мөлшерлемелерді кеміткенін, мұның өзі шамамен бес жылдың көлемінде қайтадан дағдарысқа әкелуі мүмкін деген болатын. Еуропалық экономикалық жүйе созылмалы дертке ұшырағандығына осы пікір дәлел бола алады. Сан ғасыр айдарынан жел ескен осы Еуропа банктерінің басынан бағы тая бастағанын көрген, бұған дейін еуропалық экономикалық жүйеден, батыстық банк ісінен өзгені біле бермеген «кәрі құрылық» пен посткеңестік елдер жұртшылығының назары рухани құндылықтарға арқа сүйейтін «исламдық экономикалық көзқарасқа» ауа бастады. Адамзаттың келешек дамуын ислам экономикалық және рухани құндылықтар жүйесі негіз қалайтыны ашық айтыла бастады. Осы ахуалға ой жүгірткен ғалымдар мен талдамашылар алдағы бес-алты жылда әлемдегі экономикалық саясат түбегейлі өзгеріп, жаңа қаржы жүйесі өмірге келетіні туралы тұжырым жасауда. Ислам қаржы жүйесінің қазіргі еуроцентристік басым экономикалық модельден негізгі айырмашылығы – қарыз пайызының болмауында. Өйткені, бұл жүйенің басты мақсаты пайда табу емес, қоғамның және жеке адамның қажетін өтеу, соған қызмет ету [1].

Дүниежүзінің ірі қаржы алпауыттары-Лондон мен Париж, Гонконгты айтпағанның өзінде, Қытай және Үндістан сынды Азияның ең үлкен елдерінің ислам банктерімен іскерлік қарым-қатынастарға аңсары ауып отыр. Көршіміз Ресей де аталмыш қаржы құрылымдарымен ынтымақтасуға мүдделі. Ал Қазақстан болса, бұл істе көршісінен көш ілгері. Елбасымыз Н. Назарбаев 2020 жылы Алматыда ислам банкінің өңірлік орталығын ашу міндетін қойды. Сондай-ақ былтыр елімізде ислам банктерінің облигацияларының шығарылуына және таратылуына заң жүзінде рұқсат етілді.

Сонымен Ислам банкі қандай қаржылық құрылым? Әңгімені бастамас бұрын ең әуелі қасиетті ислам дінінің рухани бір алғышартына тоқтала кетейік. «Құран-Кәрім» мен шариғат заңдарына сәйкес, исламда кез келген мүміннің байлығы, яғни қаржысы мен малмүлкі еңбегі және іскерлік әрекетінің нәтижесінде жинақталса, ол адал. Сондай-ақ мұраға қалған немесе сыйға берілген жоғарыдағы игілік те адалдың қатарынан. Ал пара, кісі өлтіру, ұрлау және өсімқорлық, тағы басқасы арқылы баю харамға жатады. Аталмыш әрекеттердің екі дүниеде де өзіне лайықты жазасы бар. Араб тіліндегі «риба» және «харар» зат есімдері соған арналған. «Риба» сөзі несие беру мен сауда келісіміндегі өсім ақшаның атауы. Яғни қанша несие алынса, дәл сондай қайтарымы болуы керек. Сауда келісімінде де солай. Одан артығы – біреудің қалтасына түсетін арам ақша. «Харар» дегеніміз – кәдімгі өсімқорлық, белгілі бір тауарды сатып алғаннан соң, кейін сатқанда оның құнын кемінде жарты (50 пайыз) немесе екі есе артық бағамен ұсыну. Ешқандай тер төкпестен, біреудің ақшасын иемдену. Мәселен, бүгінгі теңге нарығындағы алыпсатарлық – күнәнің бір түрі. Ал исламның қағидаты бойынша іске салынбаған қаржыға (артық ақшаға) кедейлер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың есебіне ізгілік салығы салынуы тиіс. Ал кейде адам қабілетіне байланысты ақшасын тиімді пайдалана алмаса, оның қаржысын кәсіпкер немесе сауда ісінің адамына беріп, оның табысынан лайықты үлесін алуына болады. Тек ол берген ақшасының өсімін талап етпеуі тиіс [2]. Яғни, бұл бізге жасанды ықпал ететін дәстүрлі «ақша құны» деген критериді «қаржының тиімділігі» деген салмақты терминмен ауыстыруға мүмкіндік береді. Осы арқылы қарыздық қаржыландыруды шектейді, себебі пайда нормасында қарастырылатын қаржылық құралдар экономиканың арнайы секторларына тікелей бағытталған.

Былайша айтқанды, экономикалық теория дамуының негізі VII ғасырда Ислам дінінің келуімен байланысты. Қаржы тұрғысында мұсылман этикасының постулаттарын қатал ұстанатын азды-көпті елдер: Иран, Пакистан, Судан, Сауд Аравиясы, БАӘ, Кувейт және тағы басқа. Бірақ, жоғарыда айтылған принциптер басқа елдерде де құрылған банк жүйелерінде тиімді пайдаланылуда. 1975 жылы үкімет аралық Исламдық даму банкі және Дубай Исламдық банкі (Dubai Islamic bank) құрылды. Екуіде әртүрлі мұсылман елдерінде даму бағдарламаларын жүзеге асыра отырып қарқынды дамуда.

Исламдық банктер өз қызметтерінде негізінен келесідей шариаттық принциптерден және құралдардан тіреу алады: мушарака, мудароба, иджара, солям, мурабаха және тағы басқаларыда жеткілікті, бірақ, бұлар негізгі өзекше болып саналады.



1 – сурет. Исламдық несиелендіру құралдары

Сонымен қатар Исламдық банк қызметінің негізгі мақсаты, қаржылық делдалдардың функциясын абсолютті түрде аяқтау. Сонымен қоса, басталған келісім шартты тиянақты түрде соңына дейін жеткізе отырып комиссиялық агенттің рөлін атқару.

Исламдық банктің Мудараба мен Мушаракада көрсетілген ерекшеліктерден басқа тағы бір ерекшелігі: дәстүрлі банктер қарыз берумен және ақшаны сығумен айналысса (басқаша айтқанда, алып-сатумен айналысса), Исламдық банк тауарды алып-сатумен айналысады ақша бұл операцияларда тек қана қызметтік функция атқарады (өлшем функциясы) [3].

Қорытындылай келгенде, жоғарыда келтірілген мысалдарды толықтай енгізіп, теориядан практикаға көшуіміз керек. Тәуелсіздік алғаннан бері бұл бағытта айтарлықтай іс-шаралар жүзеге асты, бір шама заңдар қабылданды, бірақ бұның бәрі әлі аздық етуде. Шетелдік тәжірибелерді терең зерттеп еліміздің экономикасына бейімдеуіміз керек. Мысалы, қазіргі таңда Исламдық қаржыландыруды дамыту үшін төмендегідей бірқатар шараларды жүзеге асырған жөн:

- бизнес-қоғамдастықтар мен елдегі әлеуметтік-саяси көзқарастарды исламдық қаржыландыруға даярлау, оның тиімді жақтарын түсіндіру;
- шариғат принциптерін сақтауды бақылайтын орталық қадағалау органдарды құру;
- баға белгілеудегі бәсекелестік ережелерін айқындау;

- тиімсіз қаржы құралдарын басқаруды енгізу;
- исламдық қаржыландыру жүйесін меңгерген мамандарды еліміздің қаржы институттары мен банктеріне мейлінше әзірлеу, сауатты персоналдарды оқыту [4].

Бұл қиындықтар әлем экономикасында да орын алуда. Оған дәлел Доктор Сайд Фаруктың Ислам капитал нарығы туралы былай деді: «әлеуметтік әділеттілік және капиталдың ортақ мақсаттары, ислам банкингі, Такафул және ислам капитал нарығына қарамастан жеткіліксіз істер сынға алынды, Ислам экономикасының коммерциялық секторлар кедей халыққа көмек бере отырып елеулі рөл атқаруды қажет етеді [5].

Микроқаржылық секторға несиелік ресурстарды жеткізетін негізгі жеткізуші – коммерциялық банктер болып табылады. Банктер микронесиелік ұйымдарды жалпы стандарттық міндеттерге байланысты қаржыландырады: төлемділігіне, қайтарымдылығына, және қамтамасыз етілуіне байланысты. МНҰ-дардың көбісінің нақты кепілдігі жоқтығын банктер есепке ала отырып, олар Шағын кәсіпкерлікті қолдау қорының кепілдігі негізінде компанияларды несиелеуге дайын, ал бұл қор қарыздық міндеттемелердің 70-80% өз мойнына алу керек. Сәйкесінше, банктер микронесиелік ұйымдармен жұмыс істеуі үшін, банктің жоғарғы өтімділігін есепке ала отырып, белгілі жеңілдіктер алғылары келеді. Банктен 17%-дық мөлшерде қаражат ала отырып және меншік маржасын айналдыра отырып, микронесиелік ұйымдар өз клиенттеріне 25% көлемде және бұдан жоғарғы мөлшерде несиелік береді. Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры микронесиелік ұйымдарды қаржыландыруға кепілдік бере алады. Бірақ көптеген микронесиелік ұйымдардың проблемаларының бірі несиені жабу үшін қажетті мүліктің болмауы болып табылады. Қазіргі кезде микроқаржылық ұйымдардың ең өтімді активтері – ол оның несиелік портфелі. Микроқаржылық ұйымға ақша салмастан бұрын банк оның несиелік портфелін қарастыру керек. Ал бұл банктің операциялық шығын көлемін жоғарылтады. Сондықтан, банктер тарапынан бұл проблеманы шешуде исламдық қаржыландыру принциптері негізін ұстанғаны жөн.

#### Әдебиеттер тізімі

1. <https://szh.kz/student/919/qazaqstandaghy-islam-bankingininh-dam/>
2. <http://oraloniri.kz/?p=6210>
3. Мировая экономика и международные экономические отношения// Москва Гардарика 2006//
4. <http://zhebe.com/index.php/ekanom/item/2264-kr-islamdyk-karzhylandyru-nege-damymaj-otyr.html>
5. <https://www.thomsonreuters.com/en/press-releases/2014/islamic-social-finance-report.html>

*Ғылыми жетекші: Тлеужанова Д.А. э.ғ.к.*